

Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы

1999 жылғы 9 шілдедегі № 7 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы

Ескерту. Нормативтік қаулының тақырыбы және деректемелері жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 29.11.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "ҚІЖК-нің", "ҚІЖК-да" деген сөздер тиісінше "ҚПК-нің", "ҚПК-да" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "процессуалдық" деген сөз "процестік" деген сөзбен ауыстырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 29.11.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Сот тәжірибесін зерттеу - соттардың қызметінде азаматтарды заңсыз соттау фактілері орын алғанын көрсетті. Кейбір істер бойынша заңда көрсетілген қылмыстық ізге түсуді болдырмайтын жағдайлар болса да, соттар айыптау үкімін шығарған.

Ақтау туралы, сондай-ақ басқа да, нәтижесінде адамдардың зиянды өтеуге құқы туындайтын шешім шығарғанда, соттар іс жүргізу құжаттарында олардың осындай құқықтарын тану туралы көрсетпеген және зиянды өтеу тәртібін түсіндірмеген.

Зиянды өтеу туралы талаптар мен шағым арыздарды қараған кезде соттар қылмыстық процесс жүргізген органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген залалды өндірудің негіздері мен тәртібін белгілейтін қылмыстық іс жүргізу заң нормаларын кейде дұрыс қолданбаған.

Аталған кемшіліктерді жою мақсатында және қылмыстық процесс жүргізген органдардың заңсыз әрекеттері нәтижесінде келтірілген залалды өндіру тәртібін реттейтін заңның өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Қылмыстық жауапкершілікке негізсіз тарту, процестік мәжбүрлеу шараларын заңсыз қолдану, негізсіз соттау фактілері өрескел заң бұзушылық болып табылатынына және оның нәтижесінде адам мен азаматтың, заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделеріне елеулі нұқсан тиетініне, оларға және мемлекетке материалдық зиян және

моральдық залал келтірілетініне қылмыстық ізге түсу органдарының және соттардың назары аударылсын.

Нормативтік қаулының ережелері бұрын шығарылған айыптау үкімінің күші жойылған және ақтау үкімі шығарылған не қылмыстық іс Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 35-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7) және 8) тармақтарында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған жағдайда жеке айыптау істеріне де қолданылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 29.11.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

2. Қылмыстық процесті жүргізу органдардың заңсыз әрекеттері болып мыналар танылатыны түсіндірілсін:

осы баптың төртінші бөлігінде көзделген жағдайлардан басқа, ҚПК-нің 32-бабының екінші және үшінші бөліктерінде аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша жеке айыптаушының шағымы болмаған кезде қылмыстық қудалауды жүзеге асыру;

істе қылмыстық ізге түсу органдарының қылмыстық істі тоқтату туралы бұзылмаған қаулысы, сондай-ақ дәл сол айыптау және дәл сол адамға қатысты қылмыстық ізге түсудің мүмкін еместігін белгілеген күшіне енген үкім немесе сот қаулысы бола тұра қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыру;

сот оқиғасының немесе адамның әрекетінде қылмыс құрамының болмағанын немесе адамның қылмыс жасауға қатысқаны дәлелденбегенін, прокурордың және жеке айыптаушының айыптаудан бас тартқанын, жеке айыптау ісі бойынша жеке айыптаушының айыптаудан бас тартқанын (ҚПК-нің 32-бабының төртінші бөлігінде көзделген реттерден басқа), Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 71 және 88-баптарында көзделген қылмыстық жауапкершілікке тарту мерзімінің ескіруін және адамның осы негіз бойынша істі тоқтатуға келісімін, ҚК-нің 68-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген реттерде жәбірленуші мен айыптының, сезіктінің достасқанын, адамның жасаған әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікті жоятын жаңа қылмыстық заңның қабылданғанын, жазадан босататын амнистия актінің шыққанын және адамның осы негіз бойынша істі тоқтатуға келісімін, адамға кешірім жасау актісінің қабылдануын растайтын фактілер белгіленгеннен кейін қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыру.

Сондай-ақ, қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттеріне мыналар жатады: қылмысты дәрежелену кезінде қылмыстық заң нормаларын дұрыс қолданбау; бұлтартпау шараларын немесе заңда көзделген өзге де процестік мәжбүрлеу шараларын заңсыз қолдану; қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін сезікті ретінде ұсталған адамды немесе бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұсталған адамды оның өміріне және денсаулығына қауіпті жағдайда ұстау; қамаудағы емес адамды

сот-психиатриялық немесе сот-медициналық сараптама жүргізу үшін бұл туралы сот шешімі болмаса да, медициналық мекемеге мәжбүрлеп орналастыру; зорлық, қатаң немесе адамның ар-намысын қорлайтын шаралар қолдану; процестік әрекеттерді оған қатысатын адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларда жүргізу, жасырын тергеу әрекеттерін заңсыз жүргізу, қылмыстық процеске қатысушы адамның абыройын қорлайтын немесе ар-намысын кемітетін шешімдер шығару және әрекеттер жасау жеке өмір туралы мәліметтерді, сондай-ақ өзге де адамның құпия етуді қажет көрген жеке сипаттағы мәліметтерді ҚПК-да көзделмеген мақсаттар үшін қолдану және жариялау; заңсыз соттау; медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын заңсыз қолдану; тәрбиелік ықпал ету мәжбүрлеу шараларын және басқаларын заңсыз қолдану.

Қылмыстық процесс жүргізуші органдардың әрекеттерінің заңсыздылығы сот үкімімен немесе қаулысымен немесе анықтау, алдын ала тергеу органы, прокурор шығарған қаулымен белгіленеді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.11.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

3. Ұсталған адамдарға, сезіктілерге, айыпталушыларға, сотталушыларға, сотталғандарға, ақталғандарға қылмыстық процесс жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан зиян келтірілген жағдайларда ҚПК-нің 37-бабынан бастап 42-бабын қоса алғанда күші қолданылатыны түсіндірілсін. Қылмыстық процесс жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеттіруге құқы бар адамдардың ҚПК-нің 38-бабында көрсетілген тізімі түпкілікті болып табылады. Іс бойынша сот өндірісіне қатысқан өзге адамдарға (куәларға, айғақ адамдарға, аудармашыларға, т.б.) келтірілген зиянды өтеу мәселесі азаматтық іс жүргізу тәртібі бойынша шешілуге тиіс.

Жаппай саяси қуғын-сүргіндерге ұшырап, ақталған адамдарға зиянды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі № 2143-ХІІ "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заңымен реттеледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

4. Соттың ақтау үкімі, сол сияқты ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7) және 8) тармақтарында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік айыптаушының айыптаудан бас тартуына байланысты қылмыстық істі тоқтату немесе анықтау, алдын ала тергеу органдарының, прокуратураның қылмыс оқиғасының болмауы салдарынан,

қылмыс құрамының болмауы салдарынан немесе адамның қылмысқа қатысқаны дәлелденбеуі салдарынан қылмыстық істі қысқарту туралы қаулысы шығарылған жағдайда адамды толық ақталды деп тану керек.

Адамды ішінара оңалту оны айыптаудың жекелеген эпизодтары бойынша кінәсіз деп тануға не ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7) және 8) тармақтарында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік айыптаушының айыптаудан бас тартуына байланысты қылмыстық істі тоқтатуына, оның әрекеттерін қылмыстық заңның онша ауыр емес қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін бабына қайта саралауға, заңсыз қолданылған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының немесе тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының күшін жоюға негізделеді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 29.11.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

5. ҚПК-нің 13-бабының екінші бөлігіне және 14-бабының сегізінші бөлігіне сәйкес ұсталған, сезікті, айыпталушы, сотталушы және сотталған адамдар да сот ісін жүргізу барысында зорлыққа ұшыраған немесе қатаң ұсталған жағдайда, қылмыстық процесс жүргізуші органдардың шешімдерімен немесе әрекеттерімен олардың қадір-қасиеті кемітілсе, немесе қаралып жатқан іс бойынша адамның құпия деп тануды қажет еткен жеке сипаттағы мәліметтері жинақталып, қажетсіз жария етілген немесе таратылған жағдайда, сондай-ақ бас бостандығынан айырылған адам өмірге және денсаулыққа қауіпті жағдайда ұсталса, өздеріне келтірілген зиянды өтеттіруге құқылы.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

6. Соттың ақтау үкімінің шығуы немесе анықтау, алдын ала тергеу органдарының, прокурордың ҚПК-нің 38-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша қылмыстық істі қысқарту туралы қаулысының, сондай-ақ амнистия, кешірім жасау актілерін, қылмыстық жауапкершілікті жоятын немесе жеңілдететін жаңа қылмыстық заңды және т.б. қолдану туралы шешімді уақытылы қабылдамау фактісін белгілеген қаулысының шығуы зиянды өтеу туралы талап қоюға себеп болып табылады. Бұндай шешім қабылдаған кезде қылмыстық процесті жүргізген орган адамның қылмыстық процесс жүргізуші органдардың әрекеттерінен келтірілген зиянды өтеуге құқын анықтап, негіз болған жағдайда ҚПК-нің 42-бабына сәйкес ақтау үкімінде немесе істі қысқарту туралы қаулысында көрсетуі тиіс.

Қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарған кезде анықтау, алдын ала тергеу органының, прокурордың бұл талапты орындамауына ҚПК-нің 105, 106-баптарының тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Ақтау туралы шешім қабылдаған анықтау, алдын ала тергеу органы, прокурор немесе сот ҚПК-нің 42-бабына сәйкес адамға ақтау үкімінің немесе қаулысының

көшірмесін және зиянды өтеу тәртібі туралы хабарламаны жіберуге міндетті. Хабарламада ҚПК-нің 40-бабының бірінші бөлігіне сәйкес адам мүліктік зиянды өтеуді, моральдық зиянның салдарын жоюды, іс жүргізуге байланысты бұзылған еңбек, зейнетақы, тұрғын үй және өзге де құқықтарын қалпына келтіруді талап етуге құқылы екені көрсетілуі керек. Сонымен бірге, хабарламада зиянды өтеу тәртібі түсіндірілуі керек, атап айтқанда: адамның талап қоюға құқылы мерзімі; мүдделі адамның: ақталуы туралы мәліметтерді тиісті бұқаралық ақпарат құралдарына, жұмыс істейтін, оқитын, тұратын жеріне жіберу туралы талапты, мүліктік зиянды өтеу туралы талапты, еңбек, зейнетақы, тұрғын үй және өзге де құқықтарын қалпына келтіру туралы талапты, моральдық зиянның орнын толтыру туралы талапты, мемлекеттік наградаларын қайтару, құрметті және өзге де атақтарын, шендерін, дәрежелерін, біліктілік сыныптарын қалпына келтіру туралы, т.б. талаптарын жіберуге тиіс органдардың аты көрсетілуі керек.

Хабарламада шығыс номері мен оны адресатқа жөнелту датасы көрсетілуі тиіс.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.11.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

7. ҚПК-нің 41-бабының бірінші бөлігіне сәйкес қылмыстық процесті жүргізуші орган келтірген зиян үшін ақталған адамнан ресми түрде кешірім сұрауға міндетті, ал ол жазбаша түрде берілуі тиіс екені түсіндірілсін. Хабарлама ресми болғандықтан, ол арнайы немесе қызмет бланкісіне рәсімделуі керек және оған ақтау туралы шешім қабылдаған органның басшысы қол қоюы тиіс. Онда адамды ақтау туралы нақты шешімге сілтеме жасалып, қылмыстық ізге түсудің заңсыздылығы көрсетіліп, келтірілген зиян үшін ресми түрде кешірім сұрау туралы сөздер жазылуы тиіс.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

8. Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу құқы жеке де, заңды да тұлғаларға берілген. ҚПК-нің 40-бабының үшінші бөлігіне сәйкес мүліктік зиянды өтеуді ҚПК-нің 38-бабының екінші бөлігінде көрсетілген адамдармен бірге олардың заңды өкілдері де талап ете алады. ҚПК-нің 38-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген реттерде мұрагерлер және зейнет туралы заңына сай асыраушысынан айырылған жағдайда жәрдемақымен қамтамасыз етуге құқы бар адамдар да зиянды өтеттіруге құқылы.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

9. Адамдар бұзылған құқықтарын қалпына келтіру туралы талапта қойылған мәселелерін құқықтарды қалпына келтіру тәртібі түсіндірілетін хабарлама алынған күннен бастап алты ай ішінде оларды шешуге құзыретті органдарға талап қоя алатыны түсіндірілсін. Атап айтқанда, еңбек құқықтарын қалпына келтіру туралы талап ақталған адамның жұмыс істеген және қылмыстық жауапкершілікке тартылуына немесе сотталуына байланысты қызметінен босатылған ұйымға, кәсіпорынға, мекемеге жіберіледі; алынбай қалған зейнетақысын немесе жәрдемақысын төлеу туралы - әлеуметтік қорғау органдарына; тұрғын үй құқығын қалпына келтіру туралы - жергілікті атқару органдарына; тәркіленген мүлікті қайтару туралы - сол мүлік тұрған жердегі органға; мемлекеттік наградаларды қайтару туралы, құрметті, әскери, арнаулы немесе басқа да атақтарын, сыныптық шенін, дипломатиялық дәрежесін, біліктілік сыныбын қалпына келтіру туралы талаптар - осы мәселелерді қарауға құзыретті органдарға жіберіледі.

Мүліктік зиянды өтеу туралы талап ҚПК-нің 40-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген тиісті сотқа тікелей жіберілуі мүмкін.

ҚПК-нің 40-бабының бірінші бөлігіне және "Сот бойынша ақталған адамға, қылмыстық істі тоқтату туралы соттың, қылмыстық қудалау органының қаулысы шығарылған күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз іс-әрекеттерінің нәтижесінде келтірілген мүліктік зиянды төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қарашадағы № 1218 қаулысына сәйкес қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз іс-қимылдарының салдарынан келтірілген мүліктік зиян: олар айырылған жалақыны, зейнетақыны, жәрдемақыларды, өзге де қаражаттар мен табыстарды; соттың үкімі немесе өзге де шешімі негізінде заңсыз тәркіленген немесе мемлекеттің кірісіне айналдырылған мүлікті; соттың заңсыз үкімін орындау үшін өндіріп алынған айыппұлдарды; заңсыз әрекеттерге байланысты адам төлеген сот шығындары мен өзге де сомаларды; заң көмегін көрсету үшін адам төлеген сомаларды; қылмыстық қудалау салдарынан болған өзге де шығыстарды өтеуді қамтиды. Сонымен қатар қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз іс-қимылдарының салдарынан келтірілген мүліктік зиянды толық көлемде өтеткізуге құқығы бар адамдардың еңбек, зейнетақы, тұрғын үй және өзге де құқықтарын қалпына келтіруге, сондай-ақ моральдық зиянның салдарын жойғызуға құқығы бар.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

9-1. Өндіріп алынуға тиіс өзге де қаражат пен кірістерге ақталған адам алуға тиіс болған сыйлықақылар, бонустар және басқа да төлемдер жатады.

Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 29.11.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

9-2. Ақталған адамның арызы бойынша адам айрылған жалақы, зейнетақы, жәрдемақылар, өзге де қаражат және кірістер сомалары бойынша тұрақсыздық айыбы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сот шешімі шығарылған күнгі базалық мөлшерлемесі негізге алына отырып өндіріп алынуға тиіс.

Өзге де жіберіп алынған пайданы өндіріп алу туралы талаптар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға тиіс.

Ескерту. 9-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 29.11.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

10. Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттері нәтижесінде келтірілген мүліктік зиянды толық көлемде өтеткізуге, моральдық зиянның салдарын жойғызуға ҚПК-нің 38-бабында аталған адамдардың құқығы бар.

Құқықтарды қалпына келтіру тәртібін түсіндіретін хабарлама алынған күннен бастап алты ай ішінде жіберілген қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттерімен келтірілген мүліктік зиянды өтеу туралы талапты сот ҚПК-нің 40-бабында көзделген тәртіппен қарайды.

Егер мүліктік зиянды өтеу туралы талапты беруге алты айлық мерзім өткізіп алынса және қалпына келтірілмесе, онда адам азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен талап қойып, сотқа жүгінуге құқылы.

Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттерімен келтірілген моральдық зиян үшін ақшалай мәнде өтемақы туралы талап қоюлар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен ғана қойылуы мүмкін.

Соттар талап қоюларды қараған кезде мүліктік және моральдық зиянды өтеткізу құқығы қылмыстық процесті жүргізетін органдардың және олардың нақты лауазымды адамдарының кінәсіне қарамастан, мемлекеттің жауапкершілігі негізінде туындайтынын және зиян бюджет қаражатынан өтелетінін негізге алуы қажет.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 24.01.2020 № 2 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

10-1. Азаптаулар және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы қылмыстық істерді қарау кезінде жәбірленушінің (ал қылмыс салдарынан ол қайтыс болған жағдайда – заңға сәйкес жәбірленушінің құқығын жүзеге асыратын адамдар) материалдық, сондай-ақ моральдық зиянды өтеу туралы азаматтық талап қоюы сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған сәттен бастап және сот тергеуі аяқталғанға дейін қойылуы мүмкін.

Азаматтық талап қою тікелей күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға немесе олардың әрекеті немесе есі дұрыс емес адамның әрекеті үшін жауапкершілік жүктелген адамдарға қойылады.

ҚПК-нің 168-бабына сәйкес азаматтық талап қою қылмыстық іспен бірге қаралады. Азаматтық талап қою бойынша шешім үкімнің қарар бөлігінде көрсетіледі. Соттың азаматтық талап қою бойынша қабылдаған шешімінің уәждері үкімнің уәждеу бөлігінде міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

Ескерту. Нормативтік қаулы 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 24.01.2020 № 2 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

11. Зиянды өтеу туралы талаптарын қараған кезде сот оларды қарау үшін қажет құжаттарды: жұмыс орнындағы еңбекақысы туралы, заңгер көмегі үшін төленген сомалар туралы, заңсыз тәркіленген немесе мемлекет кірісіне алынған мүліктің бағасы туралы, заңсыз үкімді немесе сот қаулысын орындаумен байланысты және басқа да шығындар сомасы туралы құжаттарды сұратуға және өтелуге жататын зиянның мөлшерін анықтауға міндетті. Қажет болған жағдайда қаржы органдарынан және әлеуметтік қорғау органдарынан есептер сұратылуы мүмкін.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

11-1. Соттар заң көмегін көрсеткені үшін төленген сомаларды өтеу туралы талаптарды қараған кезде ҚПК-нің 68-бабының қорғалуға құқығы бар күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам бірнеше адвокатты қорғаушы ретінде шақыруға құқылы екендігі туралы ережелерін ескеруі қажет.

Ақталған адамға ақталғанға дейін ғана емес, оның құқықтарының қалпына келуіне байланысты адвокатқа жұмсаған шығыстары өтеледі.

Ескерту. 11-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 29.11.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

12. Зиян мөлшерін есептеу және оны өтеуге құқы бар адамдардың шеңберін анықтау зиян келтірілген кезде күшінде болған заңға сәйкес жүзеге асырылады. ҚР Қылмыстық істер жүргізу кодексі күшіне енгенге дейін келтірілген зиянның мөлшері 1981 жылғы 18 мамырдағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының қаулысымен бекітілген "Анықтау, алдын ала тергеу органдары, прокуратура мен соттың заңсыз әрекеттерімен азаматтарға келтірілген зиянды өтеу тәртібі туралы" Ережеде белгіленген нормалар бойынша анықталады.

Зиянның мөлшерін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің нормаларына сәйкес анықтаған кезде қылмыстық процесті жүргізетін органдардың әрекеттері заңсыз болып танылатын сәттер мен мерзімдерді анықтайтын мән-жайларға

назар аударған жөн. Атап айтқанда, ҚПК-нің 38-бабы екінші бөлігінің 4-тармағына сәйкес жасалған іс-әрекетінің саралануы ҚК-нің оны жасағаны үшін күдік келтіру немесе айыптау кезінде ұстап алуға немесе күзетпен ұстауға жол берілмейтін неғұрлым жеңіл қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылықты көздейтін бабына өзгертілген не осы бап бойынша неғұрлым жеңіл жаңа жаза тағайындалған немесе үкімнен айыптау бөлігі алып тасталған және осыған байланысты жазасы төмендетілген жағдайларда, сол сияқты соттың медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын немесе мәжбүрлеп тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдану туралы заңсыз шешімінің күші жойылған жағдайда адамның ұсталуға немесе бұлтартпау шарасын қолдануға не қылмыстық жазасын қамаққа алу немесе бас бостандығынан айыру түрінде өтеуге байланысты адамның күзетпен ұсталуын заңсыз деп таныған жөн. Бұл ретте күзетпен ұстаудың, қамаққа алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазалаудың нақты өтелген мерзімі ҚК-нің кінәлі адам жасаған іс-әрекет жаңадан сараланған бабында көзделген қамаққа алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның ең жоғары мөлшерінен асатын бөлігінде заңсыз өтелген болып есептеледі. Егер ҚК-нің қылмыстық құқық бұзушылық жаңадан сараланған бабында жаза ретінде қамаққа алу немесе бас бостандығынан айыру көзделмесе, онда күзетпен ұстау, қамаққа алу немесе бас бостандығынан айыру жазасының ҚК-нің аталған бабында көзделген жаза орнына есептеліне алмайтын бөлігі заңсыз өтелген болып саналады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

13. ҚПК-нің 38-бабының төртінші бөлігіне сай өзіне-өзі жала жапқан адамға зиянның өтелмейтіндігін ескере отырып, әр нақты жағдайда өзіне-өзі жала жабу ерікті түрде жасалғанын және істегі ақиқатты ашуға кедергі келтіргенін анықтау қажет. Іс бойынша тергеу жүргізудің рұқсат етілмеген тәсілдері немесе басқа да сезіктінің, айыпталушының, сотталушының өзіне-өзі жала жабуына немесе жалған жауап беруіне әкеліп соқтырған заң бұзушылықтары анықталған жағдайда, заңсыз сотталу немесе қылмыстық процесті жүргізген органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиян қанағаттандырылуға жатады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

14. Амнистия туралы актінің қабылдануына, кешірім жасалуына, ескіру мерзімінің өтіп кетуіне байланысты, қылмыстық жауапкершілікті жоятын немесе жазаны жеңілдететін заңның қабылдануына байланысты қылмыстық іс қысқартылған жағдайда, зиянды өтеу туралы талап тек, егер осы негіздер бойынша істі қысқарту туралы

келісім болып, қылмыстық ізге түсуді тоқтату туралы және қолданылған процестік мәжбүрлеу шараларды тоқтату туралы шешімдер уақытылы қабылданбаған жағдайда қанағаттандырылады.

15. Мүліктік зиянды өтеу туралы талапты ҚПК-нің 40-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен судья жеке-дара қарайды. ҚПК-нің 38-бабына сәйкес қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз іс-қимылдарының салдарынан келтірілген мүліктік зиян қылмыстық процесті жүргізетін органның кінәсі бар-жоғына қарамастан, толық көлемде республикалық бюджеттен өтеледі. Сот отырысына қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянды өтеуге Қазақстан Республикасының ағымдағы жылға арналған бюджеті туралы заңына сәйкес қаражат бөлінген мемлекеттік органның өкілі мемлекеттің атынан қатысады. Егер Бюджет туралы заңда мұндай орган белгіленбесе, онда өндіріп алу Республиканың Қаржы министрлігінен жүргізіледі. Көрсетілген өкілдің немесе талап еткен адамның сот отырысына келмеуі оны қарауға кедергі келтірмейді.

Талапты қарау қорытындылары бойынша қаулы шығарылуға тиіс. Онда ақтау туралы шешім қабылдаған органның немесе соттың арызданушының талаптарын қанағаттандырарда немесе қанағаттандырмағанда негізге алған мән-жайлары көрсетілуі тиіс. Сондай-ақ қаулыда мыналар: қаулы шығарған органның және оның лауазымды адамының аты және оның шыққан жері мен уақыты; азаматты қылмыстық жауапкершілікке тартқанда, күзетпен қамауға алғанда, жаза немесе процестік мәжбүрлеудің басқа шаралары қолданылғанда негізге алынған процестік құжаттың датасы мен атауы; адамды ақтау туралы процестік құжаттың датасы мен атауы, ақтау негіздері; ақталған адамның талаптарының мазмұны; есеп жасауда негізге алынған құжатқа және зиянды өтеуді көздейтін заңға сілтеме жасай отырып, өтелуге жататын мүліктік зиянның толық есебі; зиянды өтеу есебінен төленуге жататын жалпы сома және оны төлеудің тәртібі мен мерзімдері; зиянды өтеу туралы талапты ішінара қанағаттандырудың немесе қанағаттандырмаудың негіздері; шағымданудың, прокурордың өтінішхат келтіруінің тәртібі мен мерзімдері көрсетілуі тиіс.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 31.03.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.11.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

15-1. Ақталған адамның қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу туралы талабын қарауға судья оның қатысуымен қабылданған айыптау үкімінің күші жойылғаннан және адамды ақтағаннан кейін қатыса алмайды.

Ескерту. 15-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 29.11.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

16. ҚПК-нің 41-бабына сәйкес рухани зиян салдарын жою туралы талаптарды қанағаттандыруда қаулының қорытынды бөлігінде заңсыз қылмыстық ізге түсумен байланысты сол адам жөнінде жайылған мәліметтерді жоққа шығару үшін кім және қандай нақты әрекеттерді жасау қажет екендігі туралы көрсетілуі тиіс.

Қажет болған жағдайларда қаулыда баспасөзде жариялануға немесе бір ай ішінде радио, телевизия және өзге де бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылуға тиіс хабарламаның мәтіні жазылуы мүмкін.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.11.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

17. ҚПК-нің 415-бабының екінші бөлігіне сәйкес судьяның зиянды өтеу туралы талапты қарау нәтижелері бойынша шығарылған қаулысына ҚПК-нің 48-тарауында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы, прокурордың өтінішхат келтіруі мүмкін.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 29.11.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

18. Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеумен байланысты ақшалай төлемдерді жасау сол органдардың кінәсіне қарамастан республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады. Зиянды өтеу туралы талапты қарау қорытындылары бойынша шығарылған қаулының көшірмесіне елтаңбалық мөр басылып, төлем жасауға міндетті органдарға ұсыну үшін арызданушыға немесе оның заңды өкіліне жолдануға тиіс.

19. Егер зиянды өтеу кезінде негізге алынған соттың істі қысқарту туралы ақтау үкімі немесе қаулысы бұзылып, іс бойынша айыптау үкімі шығарылса, сот шешімінің кері орындалуына байланысты зиянды өтеу үшін төленген сомалар оны алған адамнан өндірілуге жатады.

20. Істерді қараған кезде азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін қозғайтын оларды қылмыстық жауапкершілікке негізсіз тарту, ұстау, заңсыз күзетпен ұстау немесе процестік мәжбүрлеудің басқа да шараларын заңсыз қолдану фактілерін анықтаған жағдайда, соттар қылмыстық істер жүргізерде тиісті органдардың және лауазымды адамдардың атына заң бұзушылықтарға жол бермеудің шараларын қолданулары туралы жеке қаулылар шығаруға тиіс.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

21. Осы қаулының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1987 жылғы 23 ақпандағы "Азаматтарды заңсыз соттау фактілерін

жою шаралары және қылмыстық процесті жүргізген органдардың заңсыз әрекеттері нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу тәжірибесі туралы" N 2 P87002S_ қаулысының күші жойылды деп және КСРО Жоғарғы Соты Пленумының 1988 жылғы 23 желтоқсандағы "КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының "Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау барысында лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерімен азаматқа келтірілген зиянды өтеу туралы" Жарлығын сот тәжірибесінде қолданудың кейбір мәселелері туралы" N 15 қаулысы Қазақстан Республикасында қолданылмайды деп танылсын.

22. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданылатын құқықтың құрамына кіреді, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. Нормативтік қаулы 22-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

*Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
Пленум хатшысы*